



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2021 жылғы 9 – 16 сәуір аралығында жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

2021 жылғы 19 сәуір

Сауда-саттық қорытындысы бойынша 16 сәуірде теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,6%-ға (433,15-тен) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 430,39 теңге деңгейінде қалыптасты.


Сыртқы валюта нарығында 2021 жылғы 9-16 сәуір аралығындағы кезеңде дамушы елдер валюталарының серпіні әртүрлі бағытта болды. Тұтыну шығыстарының өсуі аясында ҚХР ІЖӨ 2021 жылғы 1-тоқсанда 18,3%-ға ж/ж өсті. АҚШ экономикасы да белсенді қалпына келтіру туралы белгі беруде: наурызда бөлшек сауда өсімі 9,8%-ды а/а құрады, өнеркәсіп өндірісі 1,4%-ға а/а өсті. АҚШ-тағы тұтынушылық бағалар наурызда 2012 жылдан бері рекордтық қарқынмен өсті, +0,6% а/а.

Дамушы елдер валюталарының<sup>1</sup> АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендегідей қалыптасты:


- **Ресей рублі** АҚШ тарапынан АҚШ-тың қаржы мекемелерінің РФ мемлекеттік қарызының бастапқы нарығына қатысуына тыйым салатын санкциялар жарияланғаннан кейін шиеленістің төмендеуі аясында 2,2%-ға (77,43-тен 75,71-ге дейін) нығайды;
- **Оңтүстік Африка ранды** 2,1%-ға (14,61-ден 14,31-ге дейін) нығайды. ОБ басшысы теңгерімді инфляциялық тәуекелдер және төмен мөлшерлемелер үшін кеңістікті сақтау туралы мәлімдеді;
- **Бразилия реалы** әлемдегі ең ірі экономика – АҚШ-тың қалпына келу белгілеріне байланысты тәуекел сентименттің қысқа мерзімді жаһандық жақсаруы аясында 1,6%-ға (5,68-ден 5,59-ға дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** АҚШ доллары бағамының әлсіреуі және АҚШ МБҚ кірістілігінің төмендеуі аясында 1,2%-ға (20,16-дан 19,92-ге дейін) нығайды;
- **түрік лирасы** 1,2-ға (8,17-ден 8,07-ге дейін) нығайды. ОБ мөлшерлемені 19% деңгейінде сақтап қалды, алайда қатаң ақша-кредит талаптарын сақтауға дайындығы туралы бұрынғы түсініктемелерді жоққа шығарды;
- **үнді рупиясы** экспорттаушылардың шетел валютасын сатуы аясында 0,5%-ға (74,75-тен 74,36-ға дейін) нығайды;
- **Индонезия рупиясы** бір апта ішінде өзгерген жоқ, 14 565 деңгейінде қалды.

<sup>1</sup>АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан неғұрлым көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары



**Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, % (2021 жылдың басынан бастап 2021 жылғы 16 Сәуір аралағында)**



**Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, % (2021 жылғы 09 Сәуір - 16 Сәуір аралағында)**



**Дамушы елдер валюталарының серпіні**  
**(2021 жылғы 2 сәуір =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)**



**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:**  
 8 (7172) 77–52–10  
 e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)  
[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)